 SATBAYEV UNIVERSITY	"Қ.И.СӘТБАЕВ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ" КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ	
2-деңгейлі СМЖ құжаты	Кұжатталған процедура 2022 жылғы « <u>14</u> » <u>04</u> №4 редакция	ҚазҰТЗУ ҚП 401

БЕКІТІЛГЕН

2022 ж. « 14 » 04 № 3

«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ
ұлттық техникалық зерттеу
университеті» КЕАҚ
Директорлар кеңесінің
шешімімен



ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

ҚазҰТЗУ 613 ҚП

Алматы 2022

АЛҒЫСӨЗ

1 «Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»
КЕАҚ Корпоративтік даму департаментінің бағалау және сапа бөлімінде
ӘЗІРЛЕНДІ

2 «Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»
КЕАҚ құрылымдық бөлімшелерімен **КЕЛІСІЛДІ:**

3 «Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» КЕАҚ Директорлар кеңесінің 2022
жылғы 14 сәуірдегі № 3 шешімімен **БЕКІТІЛДІ**

4 4 02.03.2020 жылғы №3 редакцияның орнына **ЕНГІЗІЛДІ**

МАЗМҰНЫ

1 Жалпы ережелер	4
2 Нормативтік құжаттар	4
3 Анықтамалар, белгілер және қысқартулар	4
4 Принциптері	5
5 Тәуекелдерді басқару жүйесінің құрылымы	6
6 Тәуекелді бағалау процесі	7
7 Тәуекелдерді басқару	8
8 Талдау, бағалау және жақсарту	8
А. «Тәуекелдерді басқару» процесінің блок-сұлбасы	10
Б. Процестердің қауіп-қатер себептерінің шамамен тізімі	11
Өзгерістерді тіркеу парағы	14

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

ҚазҰТЗУ 613 Құжаттамалық процедура

1 Жалпы ережелер

1.1 Осы «Тәуекелдерді басқару» процедурасы тәуекелдерді сәйкестендіру, талдау және бағалау, олардың қайта туындауының алдын алу үшін тәуекелдер мен себептерді азайту тәртібін айқындайтын негізгі құжат болып табылады.

1.2 Осы процедураның талаптары Университеттің барлық құрылымдық бөлімшелерінде және оның еншілес ұйымдарында қолданылады:

1.3 Осы процедура ішкі нормативтік құжаттарды әзірлеу процестеріне қатысатын университеттің барлық қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті.

1.4 Осы процедура 9001:2015 және 31000 СБХҰ халықаралық стандартының талаптарына сәйкес әзірленді, басқару құралдарын, процестердің тәуекелдерімен жұмыс істеу кезінде тиісті жауапкершілік пен өкілеттіктерді айқындайды.

2 Нормативтік құжаттар

Осы процедура мынадай құқықтық және нормативтік құжаттармен реттеледі:

- 9000:2015 СБХҰ ХС. Сапа менеджменті жүйелері. Негізгі ережелер мен сөздік;

- 9001:2015 СБХҰ ХС. Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар;

- 31000: 2018 СБХҰ ХС. Тәуекелдерді басқару. Нұсқаулық;

- 31010-2009 СБХҰ/ХЭК. Тәуекелдерді басқару. Тәуекелді бағалау әдістері;

- Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы КЕАҚ корпоративтік басқару кодексі;

- Сапа бойынша нұсқаулық;

- 502 ҚП – Менеджментті талдау;

- 801 ҚП – Ішкі аудит.

3 Анықтамалар, белгілер және қысқартулар

Тәуекелді талдау – тәуекелдің табиғатын түсіну және тәуекел деңгейін анықтау процесі;

Тәуекелді сәйкестендіру – тәуекелді табу, тану және сипаттау процесі;

Тәуекелді бағалау – тәуекелді сәйкестендірудің, тәуекелді талдаудың және тәуекел дәрежесін анықтаудың жалпы процесі;

Тәуекел – белгісіздіктің Университет мақсаттарына әсері;

Тәуекелдерді басқару – тәуекелдерге қатысты Университетті басқару үшін үйлестірілген әрекеттер;

Тәуекел көзі – бұл өздігінен немесе басқалармен бірге тәуекелге әкелуі мүмкін элемент;

ІА – ішкі аудит;

ІНҚ – ішкі нормативтік құжаттар;

ҚП – құжатталған процедура;

НП – сәйкессіз өнімдер;

ПОҚ – профессор-оқытушылар құрамы;

ҚБ – құрылымдық бөлімше;

ҚББ – құрылымдық бөлімше басшысы.

4 Принциптері

Тәуекелдерді басқарудың мақсаты – құндылықты құру және сақтау. Бұл жұмыстың тиімділігін арттырады, инновацияны ынталандырады және мақсаттарға жетуді қамтамасыз етеді.

Тәуекелдерді тиімді басқару процесі келесі принциптер мен тәсілдерді қарастырады:

- тәуекелдерді басқару жүйесінің мақсаттары мен міндеттерін анықтау;
- тәуекелдерді басқару процесін ұйымдастыруға қойылатын талаптар (тәуекелді анықтау тәсілдері, тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау тәртібі, ден қою әдістерін айқындау, мониторинг);
- интеграция;
- құрылымдылығы және толықтығы (шешім қабылдаудың барлық деңгейлерін қамти отырып және тәуекелдерді басқару жүйесін әзірлеу, бекіту, қолдану және бағалау барысында тиісті деңгейдің рөлін ескере отырып, тәуекелдерді басқару жүйесінің ұйымдық құрылымы);
- реттеу;
- тәуекелдерді басқару және бақылау ортасын құру процесіне тарту (жоғары басшылықты (Басқарма мен Директорлар кеңесін) тарту);
- қарқындылық;
- үздіксіздік - тәуекелдерді басқару процесі тұрақты негізде жүзеге асырылады;
- қол жетімді ең жақсы ақпарат (тәуекелдерді басқару объективті, сенімді және өзекті ақпараттың болуымен бірге жүреді);
- адамдар мен мәдениетке байланысты факторлар (өкілеттіктерді бөлу - қызметкерлердің өкілеттіктерін нақты бөлу және қызметкерлердің жауапкершілік саласы мүдделер қақтығысына жол беретін жағдайларды болдырмау);
- үнемі жақсарту.

5 Тәуекелдерді басқару жүйесінің құрылымы

Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі мынадай элементтерді қамтиды: интеграция; жобалау; енгізу; тәуекелдерді басқаруды бағалау және жетілдіру. Жүйе барлық елеулі тәуекелдерді сәйкестендіруге, бағалауға және мониторингтеуге, сондай-ақ олардың деңгейін төмендету жөнінде шаралар қабылдауға бағытталған.

Тәуекелдерді басқару интеграциясы ұйымдық құрылым мен контексті түсінуге негізделген.

Тәуекелдерді басқару жүйесі барлық елеулі тәуекелдерді сәйкестендіру, бағалау және мониторингтеу процедурасын, сондай-ақ барынша азайту стратегиясын жақсарту бойынша тәуекелдер деңгейін төмендету бойынша уақтылы және барабар шаралар қабылдауды көздейді.

Университетте тәуекел-менеджмент процесі қолданылатын Саясат, Мақсаттар, Стратегия, қолдану саласы және қызмет параметрлері белгіленген. Барлық құрылымдық бөлімшелер өз бөлімшелерінің қызмет бағыттары бойынша тәуекелдерді басқаруға жауапты болады.

Директорлар кеңесі қызметке жалпы басшылықты жүзеге асырады, сондай-ақ тәуекелдерді корпоративтік басқару жүйесі үшін бақылауды жүзеге асыруда шешуші рөл атқарады.

Басқарма мынадай функцияларды жүзеге асыру арқылы тәуекелдерді басқару жүйесінің тұтастығы мен функционалдығын қамтамасыз етеді:

- тәуекелдерді басқару процестерін жалпы үйлестіру;
- тәуекелдерді басқару саласындағы әдістемелік құжаттарды әзірлеу мен өзектендіру және сәйкестендіру, Тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын қалыптастыру барысында процесс иелері мен персоналға әдіснамалық қолдау көрсету (ҚазҰТЗУ 613 Ү), өз құзыреті шеңберінде тиісті шараларды қарау және қолдану;
- тәуекелдерді басқару саласында персоналды оқытуды ұйымдастыру;
- құрылымдық бөлімшелердің тәуекелдерді басқару процесіне жедел бақылауды жүзеге асыру.

Университет қызметкерлері күнделікті тәуекелдермен жұмыс істейді, оларды басқарады және олардың функционалдық міндеттері саласындағы ықтимал ықпалына мониторинг жүргізеді. Тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындауға жауапты құрылымдық бөлімшелер мен персонал (ҚазҰТЗУ 613 Ү) өз қызметі саласындағы елеулі тәуекелдерді уақтылы анықтап, хабардар етуге және іс-шаралар жоспарына енгізу үшін тәуекелдерді басқару жөнінде ұсыныстар беруі тиіс.

Тәуекелдерді басқару жүйесін үйлестіруге жауапты құрылымдық бөлімшелер:

- тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау процесін ұйымдастыру және үйлестіруді, сондай-ақ іс-шаралар жоспарын келісуді;
- Басқарма мен Директорлар кеңесін тәуекелдерді басқару процестеріндегі елеулі ауытқулар туралы хабардар етуді;

- Басқарма мен Директорлар кеңесінің тәуекелдері бойынша ақпарат дайындауды;

- ұсыныстар енгізу арқылы тәуекелдерді басқару жүйелерін мерзімді бағалауды ұйымдастыруға қатысуды;

- тәуекел туындауы мүмкін жағдайларды анықтауды қамтамасыз етеді.

Тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шараларды жоспарлау кезінде тиісті құрылымдық бөлімшенің басшысы тәуекелдерді азайту мүмкіндіктері, мерзімдері және қажетті ресурстар туралы ақпаратқа талдау жүргізеді. Содан кейін ақпарат КДД-ға жеткізіледі, ол менеджментті талдау туралы есепке енгізеді.

Тікелей орындаушылар (құрылымдық бөлімшелердің басшылары) тиісті орындалуына, мерзімдері мен ақпаратына жауап береді.

Тәуекелдерді басқару жүйесінің нәтижелілігін бағалау ішкі аудиттер мен менеджментті талдау нәтижелері бойынша анықталады.

Университет үздіксіз жақсарту үшін SU мақсаттары мен тәуекелдерінің нәтижелілігіне мезгіл-мезгіл мониторинг жүргізеді.

6 Тәуекелді бағалау процесі

Тәуекелдерді бағалау процесі тәуекелдерді сәйкестендіруден, талдау мен бағалаудан тұрады.

Тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар басшылығымен келісу тәуекелдерді басқару процесінің барлық кезеңдерінде жүзеге асырылады.

Тәуекелдерді сәйкестендіру, бағалау және талдау қойылған стратегиялық мақсаттар мен міндеттер негізінде тәуекелдерді сәйкестендіру, менеджментті талдау (соның ішінде SWOT-талдау), бизнес-процестерді талдау, сауалнама жүргізу, семинарлар, талқылаулар сияқты түрлі әдістер мен құралдарды пайдалана отырып, барлық құрылымдық бөлімшелердің қатысуымен орындалады.

Анықталған оқиғалар мен тәуекелдер Университеттің барлық деңгейлерінде жүзеге асырылады және тәуекелдер тізілімінде жүйеленеді. Әрбір тәуекел бойынша жауапты құрылымдық бөлімшелер анықталды.

Тәуекелді анықтау кезінде келесі ақпарат анықталады:

- тәуекелдің атауы және сипаттамасы;
- тәуекелдің пайда болу себептері;
- тәуекелдің салдары;
- тәуекел иесі және бөлімше.

Тәуекелдерді азайту және алдын алу жөніндегі іс-шаралардың нәтижелілігі мен тиімділігін талдауды университеттің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары кейінгі іс-шараларға қойылатын талаптарды және университет қызметіндегі стратегиялық өзгерістер туралы қорытындыларды қалыптастыру мақсатында жүргізеді.

7 Тәуекелдерді басқару

Тәуекелдерді бағалау процесі Университеттің қызметіне және стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге теріс әсер етуі мүмкін тәуекелдер тізілімінен неғұрлым маңызды (сыни) тәуекелдерді бөліп алу мақсатында жүргізіледі. Бұл тәуекелдер Директорлар кеңесінің қарауына шығарылады, олар осы тәуекелдерді басқару және бақылау туралы шешім қабылдауы керек.

Университет тәуекелге ден қою әдістерін айқындайды және қалдық тәуекелдің қолайлы деңгейін қамтамасыз ету мақсатында тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын (ҚазҰТЗУ 613-02 Ү) әзірлейді.

Тәуекелдерге ден қоюдың тиісті шаралары мен әдістерін қолдану іс-шаралар жоспарында сипатталады. Бұл жоспар қажетті әрекеттер мен жауапты орындаушылардың тізімін қамтиды.

Негізгі тәуекелдер мен тәуекелдерді басқару шаралары анықталғаннан кейін осы тәуекелдерге ұшыраған негізгі бизнес-процестер анықталады. Бизнес-процестерге кезең-кезеңмен талдау, тәуекелдерді басқару жөніндегі жоспарланған іс-шараларға талдау жүргізіледі және іс-шаралардың тиімді орындалуын қамтамасыз ету үшін қажетті бақылау іс-әрекеттері және (немесе) көрсеткіштер айқындалады.

Бизнес-процестерге талдау жүргізу және қосымша бақылау іс-әрекеттерін енгізудің қажеттілігі мен орындылығын айқындау үшін тәуекелге жауаптылар (ҚБ басшылары) жауапты болады.

Тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шараларды іске асыру процесінде құрылымдық бөлімшелер арасында ақпарат алмасу қамтамасыз етіледі.

Тәуекелдерді басқару жөніндегі уақтылы ақпарат персоналға өз функцияларын тиімді орындауға мүмкіндік беретін нысанда және мерзімдерде айқындалады, тіркеледі және беріледі.

Құрылымдық бөлімшелер үнемі мониторинг жүргізеді және Басқармаға тәуекелдердің туындау себептеріне және болашақта осындай оқиғалардың алдын алу жөніндегі шараларға жүргізілген талдау туралы хабарлайды.

8 Талдау, бағалау және жақсарту

Университеттің ішкі аудиті барысында барлық бөлімшелердің (процестердің) негізгі тәуекел индикаторлары бақыланады. Тәуекелдер туралы ақпаратты, тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шараларды жыл сайын өзектендіру арқылы, сондай-ақ оларды қадағалау арқылы тәуекелдерге мониторинг (тәуекел деңгейін бақылау) жүргізіледі.


Мониторинг нәтижелері бойынша тәуекелдерді басқару жүйесінің процедуралары мен іс-шараларының орындалуын тұрақты қадағалау арқылы Университеттің барлық құрылымдық бөлімшелерінің тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шараларын орындау бойынша талдау жүргізіледі. Талдау

нәтижелері жыл сайын Менеджментті талдауда (ҚазҰТЗУ 502 Ү) ескеріледі, алқалы органдардың отырыстарында айтылады және жақсартуға бағытталған басқару шешімдері қабылданады.

Осы процедурада реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Жарғымен, Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарымен реттеледі.

А ҚОСЫМШАСЫ

А. «Тәуекелдерді басқару» процесінің блок-сұлбасы



Б қосымшасы

Б. Процестердің қауіп-қатер себептерінің шамамен тізімі

Процестің атауы	Тәуекел атауы	Тәуекелдің себебі
КӨШБАСШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ЖОСПАРЛАУ		
Сапа менеджменті жүйесін стратегиялық жоспарлау, талдау және жақсарту	1) сапа бойынша стратегиялық мақсаттарды орындамау тәуекелі	- персоналды оқытуға қаржы қаражатының болмауы;
	2) лицензиялау және аккредиттеу процедурасынан өтпеу тәуекелі	- орындаушылық тәртіптің болмауы;
	3) ЖОО-ны тиімсіз деп тану тәуекелі	
	4) жұмыс берушілердің түлектерді даярлау сапасына қанағаттанбау қаупі	
	5) сапа менеджменті жүйесін ұйымдастыруға кедергі қаупі	ішкі аудиторлардың біліктілігінің жеткіліксіздігі және т.б.
	6) ақпаратты уақтылы алмау	- серверлік жабдықтың дұрыс жұмыс істемеуі;
Ішкі ақпараттандыру	7) ақпаратты уақтылы алмау	- серверлік жабдықтың дұрыс жұмыс істемеуі;
БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ		
Студенттерді қабылдау	8) Университетке қабылдаудың бақылау сандарын орындамау қаупі	- әлсіз кәсіптік бағдар беру жұмысы; - талапкерлер тарапынан сұраныстың төмендеуі; - жарнама жеткіліксіз; - қабылдау комиссиясы мүшелерінің жұмысындағы жосықсыз қарым-қатынас
	9) білім беру бағдарламаларын уақтылы жобаламау және әзірлемеу қаупі	- Университет жұмыскерлерінің біліктілік деңгейінің жеткіліксіздігі; - білім беру бағдарламаларын әзірлеу үшін қажетті жаратандырудың (бағдарламалардың) болмауы; - Университет жұмыскерлерінің жосықсыз қарым-қатынасы
Білім беру бағдарламаларын жобалау және әзірлеу	10) білім беру бағдарламасының талап етілмеуі	- Кәсіпорындардың қаржылық тұрақсыздығы. Сұраныс туралы бұрмаланған мәліметтер.
	11) жұмыскерлердің теориялық дайындық деңгейінің жеткіліксіздігі қаупі	- оқытушылардың отырыстарды, семинарларды, кеңестерді өткізіп жіберуі; персоналдың ауруы

Процестің атауы	Тәуекел атауы	Тәуекелдің себебі
Білім беру бағдарламаларын іске асыру	12) білім беру қызметтері сапасының жеткіліксіздік (төмен) тәуекелі	- талапкерлердің бастапқы деңгейі жеткіліксіз; - оқу жұмыс жоспарларындағы кемшіліктер; - білім беру қызметін қажетті қаржыландыруды қамтамасыз ету мүмкін еместігі; - Университет жұмыскерлерінің төмен орындаушылық тәртібі; - білім беру бағдарламаларын іске асыру кезінде материалдық-техникалық базаның жеткіліксіздігі; - студенттерді заманауи әдебиеттермен және ақпараттық ресурстарға қолжетімділікпен қамтамасыз ету мүмкін еместігі
	13) теориялық базаның жеткіліксіздігі қаупі	- оқытудың қосалқы құралдарының (слайдтар, фильмдер және басқа да бейнематериалдар) және техникалық қамтамасыз ету және т.б. жетіспеушілігі
	14) студенттердің сабақтан тыс іс-шараларға қатысу белсенділігінің төмендеу қаупі	- эдвайзерлердің студенттерді сабақтан тыс жұмыстарға қатыстыруға деген ынтасының әлсіздігі; - студенттік ғылыми қоғамдардың, клубтардың санының аз болуы
Ғылыми зерттеулер мен әзірлемелер және инновациялық қызмет	15) зерттеу қызметінің тиімділігінің қамтамасыз етілмеуі	- ПОҚ дәрежесінің төмен деңгейі; - ПОҚ-тың төмен жарияланымдық белсенділігі; - студенттердің ғылыми қоғам жұмысындағы белсенділігінің төмендігі
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҚҰРАЛДАРЫН БАСҚАРУ		
Ресурстарды басқару	16) білім беру мекемесін жеткіліксіз қаржыландырудың қаржылық тәуекелі	- күтпеген инфляция; - салықты арттыру; - бюджет қаражатын дұрыс жоспарламау және бөлмеу
	17) жоспарланған нәтижелердің жұмсалған ресурстарға сәйкес келмеу қаупі	- күтпеген инфляция; - салықты арттыру; - бюджет қаражатын дұрыс жоспарламау және бөлмеу
	18) Заңды тәуекелдер	- заңнамадағы өзгерістер
	19) Білікті педагог кадрлардың жетіспеушілігі қаупі	- жоғары білікті оқытушылар санының жеткіліксіздігі
Персоналды басқару	20) Жұмыскерлердің тәжірибелік тәжірибесінің жеткіліксіздігі қаупі	- ҒЗЖ практикалық тәжірибесінің жеткіліксіздігі; - жұмыскерлерді оқыту үшін қаржыландырудың болмауы; - біліктілікті арттыру циклдерінің

Процестің атауы	Тәуекел атауы	Тәуекелдің себебі
	21) Университеттің кітапхана қорының заманауи талаптарға сәйкес келмеуі	болмауы - оқулықтар мен оқу құралдарын уақтылы жаңартпау; - оқулықтар мен оқу құралдарына қол жеткізудің қиындығы немесе тапшылығы;
Кітапханалық және ақпараттық қызмет көрсету	22) Ғылыми-білім беру процесін ақпараттық қамтамасыз етудің жеткіліксіздігі тәуекелі	- Интернеттің болмауы; - әртүрлі орындаушылардың іс-әрекеттерімен келіспеу

ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

Өзгерістің реттік нөмірі	Құжаттың бөлімі, тармағы	Өзгерістің түрі (ауыстыру, жою, қосу)	Хабарламаның нөмірі мен күні	Өзгеріс енгізілді	
				Күні	Тегі, аты-жөні, қолы, лауазымы
29.	Б. бөлім	ауыстыру	№ 18-01.2024	19.01.2024	Б. С. Б. М. С. М. М. С. М. Б. С. Б.